**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 497-п бұйрығы.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы су көлік құралдарының заттай нормалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары;

4) бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы су көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару және бюджет саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Экология, геология және табиғи*
*ресурстар министрі* — *С. Брекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
________________ Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 497-п бұйрығымен бекітілген
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Арнайы автокөлік құралының атауы | Арнайы автокөлік құралының функционалдық мақсаты | Арнайы автокөлік құралын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер | Арнайы автокөлік құралдарының шекті саны | Айына 1 автомобильдің жүру лимиті (километр) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Арнайы автокөлік құралы | Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін | Экологиялық реттеу және бақылау комитеті | 3 | 2600 |
| | | Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдар, оның ішінде: | 77 | 2600 |
| | | Астана қаласы бойынша Экология департаменті | 3 | 2600 |
| | | Алматы қаласы бойынша Экология департаменті | 3 | 2600 |
| | | Шымкент қаласы бойынша Экология департаменті | 3 | 2600 |
| | | Алматы облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Атырау облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Павлодар облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Шығыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Жамбыл облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Түркістан облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Ақтөбе облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қостанай облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Ақмола облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Абай облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Ұлытау облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |
| | | Жетісу облысы бойынша Экология департаменті | 4 | 2600 |

Ескертпе:

арнайы автокөлік құралы – қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға арналған жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы;

мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша жедел ден қоюды талап ететін халықтың өмірі үшін қауіпті жағдай туындаған кезде, оны тіркеу және болдырмау үшін , төтенше жағдайларда (су тасқыны, орман өрттері, техногендік және экологиялық апаттар және т. б.), сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер кезінде айына 1 автомобильдің жүру лимиті 4000 километрге дейін ұлғайтылуы мүмкін;

жеңіл автомобильдер базасында қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы<br>Экология, геология және табиғи<br>ресурстар министрінің<br>2021 жылғы 15 желтоқсандағы<br>№ 497-п бұйрығымен бекітілген<br>2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы су көлік құралдарының заттай нормалары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Арнайы су көлік құралының атауы | Арнайы су көлік құралының функционалдық мақсаты | Арнайы су көлік құралдарын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер | Арнайы су көлік құралдарының саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Теңіз | Өзен | Шағын көлемді |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Арнайы автокөлік құралы | Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін | Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдар, оның ішінде: | 1 | 1 | |
| | | Атырау облысы бойынша Экология департаменті | 1 | 1 | |

Ескертпе: арнайы су көлік құралы - ішкі су жолдарында және өзге де су қоймаларында бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын кеме.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 497-п бұйрығымен бекітілген
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 16.09.2024 № 212-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Арнайы автокөлік құралының атауы | Арнайы автокөлік құралының функционалдық мақсаты | Арнайы автокөлік құралдарын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер | Арнайы автокөлік құралдарының саны | Айына 1 автомобильдің жүру лимиті (километр) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жедел | Жануарлар дүниесін, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және ерекше экологиялық ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылықты білдіретін мемлекеттік табиғи-қорық объектілерін қорғау, молайту және пайдалану саласында бақылауды жүзеге асыру үшін | Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті | 4 | 2600 |
| | | Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары, оның ішінде: | 123 | 2600 |
| | | Ақмола облысы | 12 | 2600 |
| | | Ақтөбе облысы | 6 | 2600 |
| | | Алматы облысы | 13 | 2600 |
| | | Атырау облысы | 4 | 2600 |
| | | Шығыс Қазақстан облысы | 8 | 2600 |
| | | Жамбыл облысы | 6 | 2600 |
| | | Батыс Қазақстан облысы | 6 | 2600 |
| | | Қызылорда облысы | 5 | 2600 |
| | | Қарағанды облысы | 9 | 2600 |
| | | Қостанай облысы | 9 | 2600 |
| | | Маңғыстау облысы | 5 | 2600 |
| | | Павлодар облысы | 6 | 2600 |
| | | Солтүстік Қазақстан облысы | 10 | 2600 |
| | | Түркістан облысы | 6 | 2600 |
| | | Абай облысы | 6 | 2600 |
| | | Ұлытау облысы | 6 | 2600 |
| | | Жетісу облысы | 6 | 2600 |

Ескертпе:

арнайы көлік құралы – жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды бақылауды, браконьерлікпен күресті жүзеге асыруға арналған жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы;

мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша жедел ден қоюды талап ететін халықтың өмірі үшін қауіпті жағдай туындаған кезде, оны тіркеу және болдырмау үшін, төтенше жағдайларда (су тасқыны, орман өрттері, техногендік және экологиялық апаттар және т. б.), сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер мен браконьерлікпен күрес кезінде айына 1 автомобильдің жүру лимиті 4500 километрге дейін ұлғайтылуы мүмкін;

жеңіл автомобильдер базасында қозғалтқыш көлемі 4500 текше сантиметрден аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 497-п бұйрығымен бекітілген
4-қосымша

## Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **Арнайы автокөлік құралының атауы** | **Арнайы автокөлік құралының функционалдық мақсаты** | **Арнайы автокөлік құралдарын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер** | **Арнайы автокөлік құралдарының саны** | **Айына 1 автомобильдің жүру лимиті (километр)** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жедел | Республика су айдындарында балық ресурстарын қорғауды жүзеге асыру, өндіріс пен балық шаруашылығына мемлекеттік бақылау функцияларын балық ресурстарын және басқа да су ресурстарын жүргізу; балық шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізу | Балық шаруашылығы комитеті | 3 | 2600 |
| | | Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік инспекциялары, оның ішінде: | 173 | 2600 |
| | | Арал-Сырдария | 18 | 2600 |
| | | Балқаш-Алакөл | 28 | 2600 |
| | | Зайсан-Ертіс | 32 | 2600 |
| | | Есіл | 16 | 2600 |
| | | Жайық-Каспий | 48 | 2600 |
| | | Нұра-Сарысу | 11 | 2600 |
| | | Тобыл-Торғай | 14 | 2600 |
| | | Шу-Талас | 6 | 2600 |

Ескертпе:

арнайы көлік құралы – республика су айдындарында балық ресурстарын қорғауға, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын өндіру мен пайдалануға, балық шаруашылығын жүргізуге, балық шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы;

мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша жедел ден қоюды талап ететін халықтың өмірі үшін қауіпті жағдай туындаған кезде, оны тіркеу және болдырмау үшін , төтенше жағдайларда (су тасқыны, орман өрттері, техногендік және экологиялық

апаттар және т.б.), сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер мен браконьерлікпен күрес кезінде айына 1 автомобильдің жүру лимиті 4000 километрге дейін ұлғайтылуы мүмкін ;

жеңіл автомобильдер базасында қозғалтқыш көлемі 4000 текше сантиметрден аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 497-п бұйрығымен бекітілген
5-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы су көлік құралдарының заттай нормалары**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.12.2023 № 343-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **Арнайы автокөлік құралының атауы** | **Арнайы автокөлік құралының функционалдық мақсаты** | **Арнайы автокөлік құралдарын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер** | **Арнайы су көлігінің шекті саны** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Теңіз | Өзен | Шағын көлемді |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| | Республика су айдындарында балық ресурстарын қорғауды жүзеге асыру, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын өндіру мен пайдалануға, балық шаруашылығын жүргізуге мемлекеттік бақылау функцияларын орындау; балық шаруашылығы саласында | Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік инспекциялары, оның ішінде: | 8 | 76 | 229 |
| | | Арал-Сырдария | 1 | 8 | 23 |
| | | Балқаш-Алакөл | 2 | 9 | 35 |
| | | Зайсан-Ертіс | | 17 | 35 |
| | | Есіл | | 9 | 24 |
| | | Жайық-Каспий | 5 | 25 | 81 |
| | | Нұра-Сарысу | | 2 | 9 |
| | | Тобыл-Торғай | | 4 | 14 |
| | | Шу-Талас | | | 8 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Арнайы | ғылыми зерттеулер жүргізу | | | 2 | |

Ескертпе: арнайы су көлігі - балық ресурстарын және басқа да су жануарларын өндіру мен пайдалануды, балық шаруашылығын жүргізуді бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК